

**«Freedom-нан Mastercard-пен Месси сияқты ойна»
Арнайы ұсынысты өткізу ережесі**

1. Жалпы ережелер

- 1.1. Осы Ереже ұйымдастырушысы «Фридом Банк Қазақстан» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Ұйымдастырушы», «Банк», «Freedom Bank») болып табылатын «Freedom-нан Mastercard-пен Месси сияқты ойна» Арнайы ұсынысты (бұдан әрі – «Арнайы ұсыныс») өткізудің шарттары мен тәртібін айқындайды.
- 1.2. Акция Банк шығарған төлем карталарын пайдалана отырып, қолма-қол ақшасыз төлемдерді ынталандыруға бағытталған.
- 1.3. Арнайы ұсыныс туралы толық ақпарат Банктің ресми сайтында орналастырылады: <https://bankffin.kz>

2. Терминдер мен анықтамалар

- 2.1. **Арнайы ұсыныс** – «Freedom-нан Mastercard-пен Месси сияқты ойна» ынталандыру шарасы.
- 2.2. **Арнайы ұсынысты ұйымдастырушы** – «Фридом Банк Қазақстан» акционерлік қоғамы.
- 2.3. **Арнайы ұсыныс операторы** – Freedom Advertising Ltd. жеке компаниясы (мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010016, Астана қаласы, Есіл ауданы, Достық көшесі, 16-ғимарат, 2) бұдан әрі – Mastercard Europe SA тапсырысы бойынша «Арнайы ұсыныс операторы».
- 2.4. **Mastercard Europe SA** – Арнайы ұсынысқа тапсырыс беруші.
- 2.5. **Карта** – банковская платежная карточка, эмитированная Банком.
- 2.6. **Қатысушы** – Арнайы ұсынысқа қатысу шарттарына сәйкес келетін Банк клиенті - жеке тұлға.
- 2.7. **Транзакция** – Банк Картасын пайдалана отырып, тауарларға/қызметтерге төлем жасау бойынша қолма-қол ақшасыз операция (4.3-тармақта көрсетілген операцияларды қоспағанда).
- 2.8. **ХТЖ** - Осы Ереженің мәнінде Mastercard Халықаралық төлем жүйесі.
- 2.9. **Арнайы ұсынысты өткізу кезеңі** – 2026 жылғы 15 сәуірден бастап 2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін, қоса алғанда.
- 2.10. Арнайы ұсыныстың жүлде қоры:
 - 2.10.1. **Арнайы ұсыныстың бас жүлдесі:** 1 (бір) жеңімпазға және 1 (бір) еріп жүрушіге арналған UEFA Champions League 2027 финалына сапар.
 - UEFA Champions League 2027 финалына сапар – сапар 1 (бір) жеңімпазға және 1 (бір) еріп жүрушіге арналған, сапардың ұзақтығы жолға кететін уақытты ескере отырып, 5 (бес) күнгі мерзімді құрайды.
 - Сапар Оператор тарапынан төленетін төмендегілерді қамтиды:
 - UEFA Champions League 2027 финалы өтетін қалаға дейін және кері қайтуды қосқанда эконом-класпен 2 (екі) адамға әуе ұшу;
 - проживание 2 человек в отеле 4*/5* до 5 (пять) суток в городе проведения UEFA Champions League 2027;
 - UEFA Champions League 2027 финалына сапар шеңберінде жоспарланған өткізу қаласындағы трансфер және ілеспе бағдарлама:
 - UEFA Champions League 2027 өткізілетін қалада әуежай-қонақ үй-әуежай трансфері,
 - стадионға матчқа және қайта қонақ үйге трансфер.
 - Бағдарлама шеңберінде көзделмеген өзге көлік шығындарын жеңімпаз және оның еріп жүрушісі өз бетінше және өз қаражаты есебінен ұйымдастырады және төлейді;
 - тамақтану:
 - тұратын қонақ үйде көзделген таңғы ас.
 - Егер қандай да бір тамақтану бағдарламада көзделмесе және Тапсырыс берушінің және/немесе Оператордың бастамасы бойынша жоспарланбаған болса, басқа тамақтануды жеңімпаз және оның еріп жүрушісі өз бетінше және өз қаражаты есебінен ұйымдастырады және төлейді.
 - визалық қолдау;
 - матчқа билеттер – 2 (екі) билет.
 - Ұйымдастырушылар және Оператор тілдік тосқауыл болған жағдайда, жеңімпаз және ілесіп жүруші үшін аудармашыны ұсынбайды.
 - Сапар қайтаруға және айырбастауға, сатуға жатпайды. Сапарды жақын туыстарына немесе басқа адамдарға беруге болмайды.

- 5.9-тармақшаны қоспағанда, жеңімпаздың және оның еріп жүрушісінің UEFA Champions League 2027 финалына сапарын ұйымдастыру кезінде туындайтын шығыстар бойынша міндеттемелерді Mastercard Europe SA тапсырысы бойынша Оператор «Freedom Advertising Ltd. жеке компаниясы» өзіне қабылдайды.
- ТҚҰЖТС төлеу бойынша міндеттеме Mastercard Europe SA тапсырысы бойынша Оператор «Freedom Advertising Ltd. жеке компаниясы» тарапынан туындайды.

2.10.2. **Арнайы ұсыныстың қосымша жүлделері:** Mastercard, UEFA брендингі және Лионель Мессидің қолтаңбасы бар барлығы 27 бірлік мерчендайзинг. Ұйымдастырушы жеңімпаздарды 3 кезеңде анықтайды:

кезең №	Арнайы ұсынысқа қатысу үшін іс-әрекеттер жасау кезеңі	Арнайы ұсыныс шеңберінде жеңімпаздарды анықтау күні	Жүлделер жүлделер саны-жеңімпаздар саны		
			Лионель Мессидің қолтаңбасы бар футболка	Лионель Мессидің қолтаңбасы бар бутсы	Әр кезеңдегі жеңімпаздар саны
1-кезең	15.04.26-30.06.26	10.07.2026	5 футболка-5 жеңімпаз	4 дана бутсы - 4 жеңімпаз	9 жеңімпаз
2-кезең	01.07.26-30.09.26	09.10.2026	5 футболка-5 жеңімпаз	4 дана бутсы - 4 жеңімпаз	9 жеңімпаз
3-кезең	01.10.26-31.12.26	15.01.2027	5 футболка-5 жеңімпаз	4 дана бутсы - 4 жеңімпаз	9 жеңімпаз
Арнайы ұсыныстың толық мерзімінде барлық кезеңдер үшін жиынтығы:			15 футболка-15 жеңімпаз	12 дана бутсы - 12 жеңімпаз	27 жеңімпаз

- Қосымша жүлденің жеңімпазы кестеде көрсетілген мерзімде жеңімпаздың тұрғылықты жеріне жақын жердегі Банк филиалынан брендтелген мерчты өз бетінше алып кетуге міндетті:

Кезең	Жеңімпаз брендтелген мерчты өз бетінше алуға міндетті кезең
1-кезең	21.07.26 бастап 04.08.26 дейін
2-кезең	20.10.26 бастап 03.11.26 дейін
3-кезең	26.01.27 бастап 09.02.27 дейін

- Егер жеңімпаз белгіленген мерзімде брендтелген мерчты алмаса, Ұйымдастырушы жүлдені алу құқығынан айыру немесе оны дублерге беру құқығын өзіне қалдырады.

2.11. **Бас жүлденің жеңімпазы** – Арнайы ұсыныстың нәтижелері бойынша UEFA Champions League 2027 финалына сапарды алушы ретінде танылған қатысушы. Тек бір ғана жеңімпаз бола алады және сапар кезінде 18 (он сегіз) жасқа толған 1 (бір) еріп жүрушіні өзімен бірге алып жүруге құқылы.

Арнайы ұсыныс шеңберінде жеңімпаздарды айқындаудың 3 (үш) кезеңінің бірінде осыған дейін қосымша жүлденің иегері болған қатысушы бас жүлденің жеңімпазы деп танылуы мүмкін.

2.12. **Қосымша жүлденің жеңімпазы** – Арнайы ұсыныстың нәтижесі бойынша Mastercard, UEFA брендингі және Лионель Мессидің қолтаңбасы бар барлығы 27 (жиырма жеті) бірлік мерчендайзингтің бірін ұтып алған қатысушы. Жеңімпаздар саны қосымша жүлденің бір жеңімпазына бір мерчендайзинг бірлігі есебінен 27 (жиырма жеті) болуы мүмкін. Қосымша жүлденің бір жеңімпазы қосымша жүлденің жеңімпаздарын анықтаудың барлық 3 (үш) кезеңінде Mastercard, UEFA брендингі және Лионель Мессидің қолтаңбасы бар бір ғана мерчендайзинг бірлігін алуға құқылы.

2.13. **Дублер** – негізгі жеңімпаз бас жүлдеден немесе қосымша жүлдеден бас тартқан жағдайда қосымша жеңімпаз деп танылған қатысушы. Бас жүлденің негізгі жеңімпазын ауыстыру үшін 3 (үш) дублер анықталады. Қосымша жүлденің жеңімпазын ауыстыру үшін Арнайы ұсыныстың барлық кезеңінде қосымша 27 (жиырма жеті) дублер анықталады.

2.14. **Еріп жүруші** – Арнайы ұсыныстың бас жүлдесінің жеңімпазы бірлесіп сапарға аттану үшін анықталған адам. Сапар кезінде еріп жүруші адам 18 жастан асқан болуы керек.

2.15. **Транзакция** – Mastercard төлем жүйесінің Банкте ашылған карталарымен кез келген сауда-сервис кәсіпорындарда тауарларға және/немесе қызметтерге төлем жасау, қолма-қол ақшасыз төлемдер, соның ішінде Mastercard картасын пайдаланушы болып табылатын Банк клиенті өз қаражаты есебінен жүргізген «Freedom SuperApp» мобильді қолданбасында, Интернет-банкингте (e-com транзакциялар) сатып алулар.

2.16. Арнайы ұсынысқа қатысу үшін іс-әрекеттер жасау кезеңі:

- 1-кезең – қатысу үшін іс-әрекеттер жасау кезеңі 15.04.26 бастап 30.06.26 дейін қоса алғанда;
- 2-кезең – қатысу үшін іс-әрекеттер жасау кезеңі 01.07.26 бастап 30.09.26 дейін қоса алғанда;
- 3-кезең – қатысу үшін іс-әрекеттер жасау кезеңі 01.10.26 бастап 31.12.26 дейін қоса алғанда;
- Бас жүлде – қатысу үшін іс-әрекеттер жасау кезеңі 15.04.26 бастап 31.12.26 дейін қоса алғанда.

3. Арнайы ұсынысқа қатысушылар.

3.1. Арнайы ұсынысқа төмендегілер қатыса алады:

- жеке тұлғалар;
- Қазақстан Республикасының азаматтары;
- қатысу кезінде 18 жасқа толғандар;
- Freedom Bank-тің Mastercard картасының ұстаушылары болып табылатын және осы Ереженің 2.16-тармағында көрсетілген кезеңде 10 000 (он мың) теңгеден асатын сомаға кемінде 10 (он) транзакция жасағандар;
- Арнайы ұсынысты өткізу күніне банктік шоттарында шектеулері жоқ адамдар (тыйым салу, операцияларды уақытша тоқтату және т.б.).

3.2. Арнайы ұсынысқа төмендегілер қатыспайды:

- Қазақстан Республикасының бейрезиденттері;
- Арнайы ұсыныс өткізу сәтінде 18 жасқа толмаған адамдар;
- Арнайы ұсыныс жүргізу кезеңінде өзге ХТЖ (Mastercard емес) карталарымен транзакциялар жасаған Банктің клиенттері;
- осы Ереженің 2.16-тармағында көрсетілген кезеңде 10 (оннан) аз және 10 000 (он мың) теңгеден кем сомаға транзакция жасаған клиенттер;
- Арнайы ұсыныстың шарттарын бұрын орындаған және кезеңдердің бірінде қосымша жүлде алған қатысушылар қосымша жүлделердің жеңімпаздарын айқындаудың келесі кезеңдеріне қатысудан шығарылады;
- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ қызметкерлері және олардың жақын туыстары, сондай-ақ Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар;
- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ, Freedom Holding Corp. басшылығы;
- «Фридом Банк Қазақстан» АҚ VIP клиенттері;
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының талабы қолданылатын тұлғалар;
- Мемлекеттік қызметкерлер;
- корпоративтік төлем карталарын ұстаушылар.

4. Арнайы ұсынысқа қатысу шарттары

4.1. Арнайы ұсынысқа қатысу үшін келесі шарттарды орындау қажет:

- осы Ереженің 2.16-тармағында көрсетілген кезеңде карта бойынша 10 000 (он мың) теңгеден кем болмайтын сомаға кемінде 10 (он) транзакция жасау;
- осы Арнайы ұсыныстың Ережелерімен Банктің сайтында танысу.

4.2. Транзакциялардың келесі түрлері есепке алынады:

- Freedom Bank-тің Mastercard картасымен POS-терминалдар, QR немесе контактісіз төлемдер (Apple/Google/Garmin/Samsung Pay) арқылы жасалған төлемдер;
- төменде көрсетілгендерді қоспағанда, Freedom Bank-тің Mastercard картасымен жасалған интернет-төлемдер.

4.3. Арнайы ұсынысқа келесі транзакциялар қатыспайды:

- казиноларда, тотализаторларда және басқа ойын мекемелерінде;
- ставкалар мен бәс тігуді төлеу бойынша (соның ішінде ат жарыс және өзге жарыстарда);
- лотерея билеттері, облигациялар, жүлделер ұтыс ойындарына қатысу құқықтары немесе өзге көтермелеулер;
- сақтандыру компаниялары мен пай қорларының пайдасына («Freedom Finance Insurance» СК» АҚ қоспағанда) төлемдер;
- қаржылық ұйымдармен;
- ломбардтардың пайдасына төлемдер;
- кейіннен ақшасы қайтарылған төлемдер;
- электрондық әмияндарды толықтыруға байланысты (әлеуметтік желілер сервисі, «Яндекс.Ақша», WebMoney, Platzh.ru және т. б.);
- қайырымдылық, саяси ұйымдарға, азаматтық қауымдастықтарға мүшелік және басқа жарналарды төлеу;
- жол чектерін, акцияларды және өзге бағалы қағаздар мен бағалы металдарды сатып алу бойынша;
- шетел валютасын сатып алу бойынша;
- интернет-ресурс арқылы телекоммуникациялық қызметтерге ақы төлеу бойынша;
- шоттар арасындағы аударымдар, қолма-қол ақшаны алу және ұқсас операциялар.

5. Жүлдені алу тәртібі:

5.1. Банк бас және қосымша жүлделердің жеңімпаздарын анықтау қорытындылары туралы ақпараты және ұтыс ойыны туралы ақпаратты қамтитын Банк парақшасына сілтемесі бар SMS-хабарламаны және/немесе PUSH-хабарламаны жіберу және Клиенттердің сауалнамада көрсетілген телефон нөміріне қоңырау шалу арқылы жеңімпазды хабардар етеді – жеңімпазға қоңырау шалуды Банктің байланыс орталығының қызметкерлері Арнайы ұсыныстың жеңімпаздарын айқындау бойынша тікелей эфир өткізілген сәттен бастап күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде жүзеге асырады.

5.2. Бас және қосымша жүлдені алу үшін жеңімпаздар:

- 7 (жеті) күнтізбелік күн кезеңінде Келісім өтінішіне қол қою үшін Банкке келуге міндетті;
- жеке куәліктің көшірмесін ұсынуға міндетті;
- Банк көрсеткен өзге шарттарды сақтауға міндетті.

5.3. Жеңімпаздардың бірімен күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде байланысу мүмкін болмаған жағдайда, жүлде басқа Қатысушы-дублерге берілуі мүмкін.

5.4. Бас және/немесе қосымша жүлде жеңімпаздарының жүлдені өзінің жақын туыстарына және басқа адамдарға беруге құқығы жоқ.

5.5. Бас және/немесе қосымша жүлде жеңімпаздарының қаржылық пайда алу мақсатында жүлдені үшінші тұлғаларға айырбастауға және беруге құқығы жоқ.

5.6. Егер құжаттарды жинау кезінде бас жүлденің жеңімпазына виза беруден бас тартылған жағдайда, жүлде (UEFA Champions League 2027 финалына сапар) автоматты түрде бірінші дублерге ауысады, ол да тікелей эфирде анықталады. Бірінші дублердің жүлдені алу мүмкіндігі болмаған кезде Банк ұтысты екінші дублерге беру құқығын өзіне қалдырады.

5.7. Виза алу үшін құжаттарды беру Алматы немесе Астана қалаларындағы тиісті визалық орталықтарында жүзеге асырылады. Жеңімпаздың және оның еріп жүрушісінің жеке қатысуы міндетті болып табылады.

5.8. Сапардың барлық қатысушылары (бас жүлденің жеңімпазы және еріп жүруші) UEFA Champions League 2027 финалы өтетін қалаға бірыңғай нүктеден — Алматы қаласынан сапарға аттанады.

5.9. финал UEFA Champions League 2027 финалына сапарға тікелей кірмейтін шығындарды жеңімпаз тарап өз бетінше көтереді. Соның ішінде:

- визаға құжаттарды тапсыру кезінде жол жүру және/немесе тұру (Астана қ. немесе Алматы қ.);
- сапарға жөнелту орнына дейін жол жүру және кеткенге дейін тұру (Алматы қ.).

Жүлделер түрі	Кезең	Арнайы ұсынысқа қатысу үшін іс-әрекеттер жасау кезеңі	Арнайы ұсыныс шеңберінде жеңімпаздарды анықтау күні	Жүлделер, жүлделер саны-жеңімпаздар саны (дублерлер саны)		
				Мессидің қолтаңбасы бар футболка	Мессидің қолтаңбасы бар бутсы	Барлық жеңімпаздар (барлығы дублерлер)
Қосымша жүлделер	1-кезең	15.04.26-30.06.26	10.07.2026	5 футболка-5 жеңімпаз (5 дублер)	4 дана бутсы - 4 жеңімпаз (4 дублер)	9 жеңімпаз (9 дублер)
	2-кезең	01.07.26-30.09.26	09.10.2026	5 футболка - 5 жеңімпаз (5 дублер)	4 дана бутсы -- 4 жеңімпаз (4 дублер)	9 жеңімпаз (9 дублер)
	3-кезең	01.10.26-31.12.26	15.01.2027	5 футболка - 5 жеңімпаз (5 дублер)	4 дана бутсы - 4 жеңімпаз (4 дублер)	9 жеңімпаз (9 дублер)
Бас жүлде	Бас жүлде	15.04.26-31.12.26	15.01.2027	UEFA Champions League 2027 финалына сапар: Банк анықтаған 1 (бір) жеңімпаз, және жеңімпаз анықтаған 1 (бір) еріп жүруші.		1 жеңімпаз (3 дублер)

6. Өзге ережелер

6.1. Ұйымдастырушы Банктің ресми сайтында хабарландырулар жариялай отырып, осы Арнайы ұсыныстың ережелеріне өзгерістер енгізу құқығын өзіне қалдырады.

6.2. Арнайы ұсынысқа қатысу осы Ережемен толық келісуді білдіреді.

6.3. Арнайы ұсынысты өткізуге байланысты барлық даулар мен мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

6.4. Банк еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда кез келген уақытта осы Арнайы ұсыныстың күшін жоюға немесе шарттарын біржақты тәртіпте өзгертуге құқылы.

7. Жеңімпазды анықтау тәртібі

7.1. Арнайы ұсыныстың қорытындылары бойынша бас және қосымша жүлденің жеңімпаздарын анықтау үшін Банк Арнайы ұсыныстың шарттарына сәйкес келетін және осы құжаттың 3-бөлімінде көрсетілген, осы Ереженің 2.16-тармағында көрсетілген мерзімде Арнайы ұсыныстың талаптарын орындаған барлық қатысушылардың тізімін қалыптастырады. Банк бас және қосымша жүлденің жеңімпаздарын тиісті мерзімде кездейсоқ (рандомды) анықтау арқылы кездейсоқ іріктеу жолымен айқындайды:

Жүлделер түрі	Кезең	Арнайы ұсынысқа қатысу үшін іс-әрекеттер жасау кезеңі	Арнайы ұсыныс шеңберінде жеңімпаздарды анықтау күні
Қосымша жүлделер	1-кезең	15.04.26-30.06.26	10.07.2026
	2-кезең	01.07.26-30.09.26	09.10.2026
	3-кезең	01.10.26-31.12.26	15.01.2027
Бас жүлде	Бас жүлде	15.04.26-31.12.26	15.01.2027

Арнайы ұсыныстың жеңімпаздарын анықтау бойынша тікелей эфир әлеуметтік желілерде, сондай-ақ Банктің Интернет желісіндегі ресурстарында көрсетілуі мүмкін.

7.2. Клиент бірнеше карта бойынша транзакцияларды жүргізген кезде ол Арнайы ұсынысқа қатысу үшін бір Клиент ретінде анықталады.

7.3. Жеңімпазды таңдаудың ашықтығын бақылау үшін Банк өкілдерінің ішінен 3 (үш) адамнан тұратын комиссия құрылады. Комиссия мүшелерінің функцияларына:

- жеңімпазды анықтаудың адалдығы мен ашықтығын бақылау;
- жеңімпаздар тізімін растау (бас жүлде: 1 жеңімпаз және 3 дублер, қосымша жүлде: әр кезеңде 9 жеңімпаз және 9 дублер) жатады.

7.4. Жеңімпаздар әр қатысушыға берілетін бірегей идентификатор (реттік нөмір) бойынша кездейсоқ сандар генераторының көмегімен комиссияның қатысуымен анықталады.

Бас жүлденің негізгі жеңімпазын анықтаумен бірге 3 (үш) дублер де анықталады, олар негізгі жеңімпазды анықтау жолымен бірдей тәсілмен анықталады, қосымша жүлденің жеңімпаздары да аталған тәсілмен анықталады: қосымша жүлденің жеңімпаздарын анықтаудың 3 (үш) кезеңінің әрқайсысында қосымша жүлденің 9 (тоғыз) негізгі жеңімпаздарымен бірге 9 (тоғыз) дублер анықталады. Дублерлер тізімі негізгі жеңімпаз одан әрі қатысудан /Келісу өтінішіне қол қоюдан бас тартса немесе Ұйымдастырушы негізгі жеңімпазға белгіленген мерзімде – 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде хабарласа алмаса немесе жеңімпазға бас жүлдені алуға қажетті виза берілмеген болса әзірленеді. Бұл жағдайда Банк негізгі жеңімпазды дублерлердің тиісті тізімінен алынатын дублерге ауыстырады.

7.5. Бас және қосымша жүлденің жеңімпаздарын айқындау қорытындылары Ұйымдастырушы қалыптастыратын және Банктің уәкілетті өкілі бұрыштама қоятын хаттамамен ресімделеді.

7.6. Арнайы ұсыныстың қорытындылары Банктің ресурстарында (www.bankffin.kz және/немесе Банктің әлеуметтік желілерінде) жарияланады.

7.7. Бас және қосымша жүлденің жеңімпазын анықтау нәтижелері түпкілікті болып табылады және ешқандай жағдайда қайта қаралмайды.

7.8. Арнайы ұсыныстың жеңімпаздары қатысу шарттарына сәйкестігін қосымша тексеруге жатады, соның ішінде:

- іске қосылған Mastercard картасының болуы;
- банктік шоттарында шектеулер мен тыйым салудың болмауы;
- осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген шарттардың сақталуы.

7.9. Қандай да бір жеңімпаздың Арнайы ұсыныс шарттарына сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, жүлде тікелей эфирде жеңімпазды анықтау барысында сол тәсілмен таңдалған келесі резервтік Қатысушы - Дублерге ауысады.

7.10. Бас жүлдені (UEFA Champions League 2027 финалына сапарды) жеңіп алған жеңімпаз әлеуметтік желілерде Freedom Bank белгісімен сапардан кемінде 10 (он) фотосурет және/немесе 5 (бес) бейне жазбаны ұсынуға және бастапқы материалдарды Ұйымдастырушыға тиісті өңдеу үшін және Банктің әлеуметтік желілерінде одан әрі орналастыру үшін жіберуге міндеттенеді.

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ карталары бойынша
Арнайы ұсынысқа Қатысу шарттарына
1-қосымша

**Банк құпиясын, дербес деректерді ашуға және ақпаратты
БАҚ-та орналастыруға келісім-өтініш (нысан)**

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ

Осы арқылы мен, _____, Банк клиенттері арасындағы «Фридом Банк Қазақстан» АҚ (бұдан әрі – Банк) қолданыстағы Арнайы ұсынысына байланысты, Банктің «Фридом Банк Қазақстан» АҚ карталары бойынша Арнайы ұсынысты ақпараттық және жарнамалық жариялау (соның ішінде, бірақ онымен шектелмей, бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау) мақсатында менің Банктің клиенті екенім, «Freedom-нан Mastercard-пен Месси сияқты ойна» Арнайы ұсынысына қатысқаным және жеңімпаз болғаным туралы мәліметтерді, сондай-ақ менің өзге дербес деректерімді таратуға өзімнің сөзсіз және қайтарымсыз келісімімді беремін.

_____ (_____)
қолы, тегі, аты-жөнінің бас әріптері, ЖСН

20__ ж. « ____ » _____

**Суретті жариялауға және пайдалануға
КЕЛІСІМ (үлгі)**

Алматы қ.

202__ ж. «__» _____

Мен, _____
(тегі, аты, әкесінің аты)

ЖСН _____

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 145-бабына сәйкес «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-қа, БСН 090 740 019 001, **маған сыйақыны төлеусіз**, өзімнің жеке бейнемді (соның ішінде әлеуметтік желілердің аватарларын), сондай-ақ «Freedom-нан Mastercard-пен Месси сияқты ойна» Арнайы ұсынысына қатысудың шеңберінде келесі мақсаттарда жасалған және/немесе жасалатын сауалнамалардың, сұхбаттардың және өзге материалдардың нәтижелерін жариялауға (соның ішінде жариялау, көпшілікке көрсету немесе Интернет желісіне орналастыруды қоса алғанда, кез келген басқа тәсілмен) және одан әрі пайдалануға келісімімді білдіремін:

- «Freedom-нан Mastercard-пен Месси сияқты ойна» Арнайы ұсынысының барысы, нәтижелері және жаңалықтары туралы баяндау ақпарат беру,

- «Freedom-нан Mastercard-пен Месси сияқты ойна» Арнайы ұсынысының барысы және қатысу қорытындылары туралы бейнематериалдарды дайындау.

Мен осы келісімді қол қойылған күннен бастап қолданыс мерзіміне және «Freedom-нан Mastercard-пен Месси сияқты ойна» Арнайы ұсынысын өткізу аяқталғаннан кейін 5 (бес) жыл мерзімге бердім.

Мен өз Суреттерімді кез келген түрінде кейіннен пайдалануды «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-та қандай болса да қарсы міндеттемелердің, соның ішінде пайдалану туралы есептерді ұсыну бойынша міндеттемелердің немесе қандай болса да сыйақыны төлеу бойынша міндеттемелердің пайда болуына әкеп соқпайтынымен келісемін.

Суреттер менің арыма және іскерлік беделіме нұқсан келтіретін тәсілдермен пайдаланылмауы тиіс.

_____ (_____)
колы, тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері, ЖСН

20__ ж. «__» _____

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ карталары бойынша
Арнайы ұсынысқа Қатысу шарттарына
3-қосымша

Өтініш-бас тарту (үлгі)

«Фридом Банк Қазақстан» АҚ

_____ ханымнан/мырзадан

ӨТІНІШ

Мен, _____, «Фридом Банк Қазақстан» АҚ өткізген «Фридом Банк Қазақстан» АҚ карталары бойынша «Freedom-нан Mastercard-пен Месси сияқты ойна» Арнайы ұсынысының шеңберінде жеңімпаз болып табылатынымды, осы арқылы мен UEFA Champions League 2027 финалына сапардан бас тартқанымды растаймын. Ұйымдастырушыға – «Фридом Банк Қазақстан» АҚ-қа қатысты ешқандай шағымым жоқ.

_____ (_____)
қолы, тегі, аты-жөнінің бірінші әріптері, ЖСН

20__ ж. «____» _____